

Атырау облысында жылу маусымына дайындық және оны өткізу Қағидаларын бекіту туралы

Атырау облыстық мәслихатының 2018 жылғы 16 наурыздағы № 198-VI шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 9 сәуірде № 4093 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 4-1) тармақшасына сәйкес, VI шақырылған облыстық мәслихат кезекті XXI сессиясында ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Атырау облысында жылу маусымына дайындық және оны өткізу Қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Атырау облыстық мәслихатының зандаулықты сақтау, депутаттық этика және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (А. Абдолов) жүктелсін.
3. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрагасы

Мәслихат хатшысы

А. Талтенов

Ө. Зинуллин

Атырау облыстық мәслихатының 2018

жылғы 16 наурыздағы № 198-VI

шешімімен бекітілген

Атырау облысында жылу маусымына дайындық және оны өткізу Қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Атырау облысында жылу маусымына дайындық және оны өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы, "Электр энергетикасы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі (бұдан әрі – Заң) Зандарына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы "Жылу энергиясын пайдалану қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10234 тіркелді), 2015 жылғы 2 ақпандағы "Энергия өндіруші, энергия беруші үйымдардың құзғі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алу қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10516 тіркелді) (бұдан әрі – Бұйрық), 2015 жылғы 25 ақпандағы "Электр энергиясын пайдалану қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10403 тіркелді) бұйрықтарына сәйкес әзірленді және Атырау облысында жылу маусымына дайындық және оны өткізу тәртібін анықтайды.

2. Қағида Атырау облысының жергілікті атқарушы органдары, тұрғын үй-коммуналдық және отын-энергетикалық кешен ұйымдарының облыстық өндірістік, әлеуметтік, тұрғын үй-коммуналдық және отын-энергетикалық кешен нысанын жылу маусымына дайындау және оның өтуі кезеңінде тұрақты қызмет көрсетуін қамтамасыз ету бойынша қызметін үйлестіреді.

3. Осы Қағиданы:

- 1) облыстың жергілікті атқарушы органдарына;
- 2) коммуналдық қызметтерді көрсетушілер мен тұтынушыларына;

3) Атырау облысының тұрғын үй-коммуналдық және энергетикалық кешен нысанын салу, монтаждау, реттеу және жөндеумен айналысатын ұйымдарға орындау үшін ұсынылады.

4. Облыстың тұрғын үй-коммуналдық және отын-энергетикалық кешеніне жататын ұйымдар мен мекемелер тұтынушыларды жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, отынмен жабдықтау және су бұрумен тұрақты қамтамасыз етеді, сондай-ақ энергия тасығыштардың қажетті өлшемдерін сақтайды және тұрғын үйлер мен ғимараттардағы қалыпты температуралық тәртібі, олардың белгіленуі мен энергия тұтынудың төлемдік тәртібін ескере отырып қамтамасыз етеді.

5. Облыстың аумағында күзгі-қысқы жағдайлардағы жұмысқа нысандардың дайындығы жергілікті атқарушы органдардың жыл сайынғы қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Өз құзыреті шегінде Атырау облысын жылу маусымына дайындау мен оны өткізуді жалпы үйлестіру облыстың өндірістік және әлеуметтік кешенін жұмысқа дайындауды бағалау жөніндегі облыстық ведомствоаралық комиссиясымен жүзеге асырылады.

6-1. Алдағы жылу маусымында Атырау облысының инженерлік-энергетикалық кешені және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін қысқы жағдайларда жұмысқа дайындаудың жыл сайынғы жоспарын (бұдан әрі – жылу маусымына дайындық жоспары) мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) облыстың тұрғын үй-коммуналдық және отын-энергетикалық кешеніне жататын кәсіпорындар жыл сайын, жылу маусымы аяқталғаннан кейін қаланың және аудандардың жергілікті атқарушы органдарына жылу маусымына дайындық жоспарларын ұсынады;

2) қаланың және аудандардың жергілікті атқарушы органдары ұсынылған жылу маусымына дайындық жоспарларын бірыңғай жоспарға біріктіреді;

3) қаланың және аудандардың жергілікті атқарушы органдары жылу маусымына дайындықтың бірыңғай жоспарларын жыл сайын 15 мамырға дейін "Атырау облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі - Басқарма) жинақ үшін ұсынады;

Ескерту. Шешім 6-1 тармақпен толықтырылды - Атырау облыстық мәслихатының 27.09.2024 № 124-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6-2. Жылу маусымына дайындық жоспарларын орындау жөніндегі есептер мына тәртіпте ұсынылады:

1) тұрғын үй-коммуналдық және отын-энергетикалық кешенге жататын кәсіпорындарымен қаланың және аудандардың жергілікті атқарушы органдарына –апта сайын дүйсенбі күні;

2) қаланың және аудандардың жергілікті атқарушы органдары өз өңірі бойынша жинақ есепті – Басқармаға апта сайын сейсенбі күні;

3) Басқарма облыс бойынша жинақ есепті әр аптаның сәрсенбі күні – Атырау облысының әкімдігіне ұсынады.

Ескерту. Шешім 6-2 тармақпен толықтырылды - Атырау облыстық мәслихатының 27.09.2024 № 124-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6-3. Жылышту маусымына дайындық кезінде жоспарланған жұмыстар орындалмаған жағдайда есепке мыналар көрсетіледі:

- 1) орындалмау себептері көрсетілген анықтама;
- 2) ахуалды түзету бойынша қабылданып жатқан шаралар;
- 3) жұмыстарды орындаудың жаңа мерзімдері көрсетіледі.

Ескерту. Шешім 6-3 тармақпен толықтырылды - Атырау облыстық мәслихатының 27.09.2024 № 124-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Энергиямен жабдықтаушы үйымдардың тұтынушылармен (абоненттермен) қарым-қатынасы олардың арасында жасалған шарт пен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен анықталады.

2. Жылу маусымына дайындық

8. Жылу маусымы дайындығына:

- 1) өткен жылу маусымында анықталған ақауларды талдау, анықталған ақаулар мен бұзушылықтарды жою бойынша іс-шараларды орындау;
- 2) жылу маусымына дайындық жоспарын әзірлеу;
- 3) мердігер үйымдарымен қаржыландыру және шарттар жасау, жөндеу және құрылыш-монтаж жұмыстарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін шешу;

4) жылумен жабдықтау көздері және орталық жылу пункттерінде қажетті жөндеу жұмыстарын өткізу, соның ішінде қазандар, тұтікшелер, құбырларды қарау және сынап білу;

5) жылу желілері жұмысының жылуды беру және гидравликалық режимінің кестесін әзірлеу;

6) инженерлік желілерде, соның ішінде жаңартумен, күрделі және ағымдағы жөндеулер, сұнаулар және шаюмен байланысты жұмыстарды орындау;

7) электр көздерінде, жылу көздерінде және инженерлік желілерде алдын-ала қарау, жоспарлы жөндеулерді орындау;

8) ғимараттарды (үйлерді) дайындау, ғимараттардың (үйлердін) ішіндегі инженерлік жүйелердің алдын-ала қаралуы, жөнделуі және ауыстырылуы бойынша жұмыстарды өткізу;

9) энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандарында технологиялық апартарды және табиғат апат салдарларын жою үшін негізгі және резервті отынның нормативтік қорларын, сондай-ақ материалдық-техникалық ресурстарының апatty қорларын құру;

10) отын қоймаларын дайындау, қорлы отын шаруашылықтардың инженерлік жабдықтарының, отын дайындау, отын беру, қоқыс және күлдерді жою жүйелерінің, теміржол және автомобиль кіреберіс жолдарының, өртке қарсы шаруашылықтың жөнделуін орындау жатады.

9. Үй-жай (пәтер) иелерінің кооперативі және кондоминиум нысандарын басқару органдарына ұсынылады:

1) жылумен жабдықтау бойынша қызметтер көрсетілетін үйішлік инженерлік желілер мен құрылыштар, пайдалану жауапкершілігі бөлігі шегінде ортақ үйлік жылу энергиясын есептеу құралдарының сақталуын, қауіпсіздігін, тиісті техникалық жағдайы мен пайдаланылуын қамтамасыз ету;

2) ортақ үйлік қажеттілік үшін пайдаланылатын жылумен жабдықтау бойынша қызметтердің тиімді тұтынылуын қамтамасыз ету, үйішлік желілер мен құрылыштарда шығындарды болдырмау;

3) жылумен жабдықтау бойынша қызметтерді көрсетушіге жылумен жабдықтау бойынша қызметтерді көрсетушімен орнатылған пломбалардың тұтастырының бұзылу жағдайлары туралы хабарлау;

4) мүмкіндік болған жағдайда үйішлік инженерлік желілерде және құрылыштардағы зақымдарды өз күшімен жою;

5) тәуліктің кез келген уақытында жергілікті атқарушы органдардың және жылумен жабдықтау бойынша қызметтерді көрсетуші өкілдерінің ортақ үйлік есептеу құралдарына, үйішлік инженерлік желілер мен құрылыштарға кедегісіз қол жеткізуін қамтамасыз ету;

6) үйішлік инженерлік желілер мен құрылыштарды тиісті техникалық күйде ұстау бойынша жөндеу және пайдалану жұмыстарын жүзеге асыру үшін үшінші тараптарды тарту, сервистік қызмет субъектісімен шарттарды жасау және орындалуын бақылау;

7) үй-жай (пәтер) иелерімен жиналыштар, жазбаша саударды өткізуі үйымдастыру;

8) барлық үй-жай (пәтер) иелері үшін (атауы, байланыс телефондары, апатты қызметтердің телефондары), ғимаратты жөндеуді және қамтамасыз етуді жүзеге асыратын, сондай-ақ жылумен жабдықтау бойынша қызметтерді қорсетуші үйымдар туралы ақпараттарды барлық қол жетімді көрнекті орындарда, ақпарат тақталарында орналастырылуын қамтамасыз ету;

9) кондоминиум нысанның санитарлық-техникалық және инженерлік жабдықтардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау;

10) апатты жағдайлардың туындау жағдайларынан басқа, үй-жай (пәтер) иелерін инженерлік желілер жұмысы тәртібінің сөндірілуі, сигналуы немесе басқа да өзгерістері туралы екі тәулік ішінде хабарлау.

10. Нысандарда апаттарды жою Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

11. Жылумен жабдықтау көздері мен орталық жылу пункттерінде жұмыстарды келесі мерзімдерде:

1) күзгі кезеңдегі жылу қажеттілігін қамтамасыз ету үшін қажетті – жыл сайын 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде;

2) жүктелімнің қысқы ең жоғарғы өту кезеңінде жылу қажеттілігін қамтамасыз ету үшін қажетті – жыл сайын 1 қазанға дейінгі мерзімде орындау ұсынылады.

Жылумен жабдықтау көздерін қамтамасыз етуші коммуникацияларын жөндеу және алдын-ала қарау жұмыстарын 1 қыркүйекке дейін аяқтау ұсынылады.

12. Отын қоры шаруашылығын жоспарлы-алдын алу жөндеу жұмыстары 1 қыркүйекке дейін аяқтау ұсынылады.

13. Пайдалануға дайындық жылу маусымы басталғанға дейін ресімделген дайындық паспорттарымен расталады:

1) Бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша энергия өндіруші, энергия беруші үйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлігінің паспортын алуға өтініш ;

2) Бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша энергия өндіруші, энергия беруші үйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік актісі;

Әзірлік актісіне осы Бұйрықтың 5-қосымшасында қорсетілген үйымдардың күзгі-қысқы кезеңдегі жұмысқа әзірлік паспортын алу шарттарының орындалғанын растайтын құжаттар қоса беріледі.

Күзгі-қысқы жағдайларда жұмыс үшін әзірлік паспорттарын уақытылы алмаған жағдайда, энергия өндіруші және энергия тасымалдаушы үйымдар Қазақстан

Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - Атырау облыстық мөслихатының 27.09.2024 № 124-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Жылумен жабдықтау жүйесін байқап көру

14. Жылу маусымының басталуына жылумен жабдықтау көздерін, жылу желілерінің дайындығын тексеру және жасырынған ақауларды анықтау үшін жылумен жабдықтау жүйелерін байқап көру жүргізіледі.

15. Магистральді және таратушы жылу желілерін іске қосу және байқап көру іске қосу-жөндеу бригадасымен жүргізіледі.

Іске қосуға дейін желінің іске қосылатын участекесінің жабдықтарының жарамдылығы тексеріледі, сынау, шаю және қабылдау актілері қаралады.

16. Байқап көру үрдісінде жылу желілері, жылумен жабдықтау көздері және тұтынушылар бойынша айқындалған ескертулер жылу беру маусымының басталуына дейін жойылады.

4. Жылу тәртібі

17. Жылумен жабдықтаушы ұйымдарға 1 қыркүйекке дейін қаланың және ауданның жылумен жабдықтау жүйелерін байқап көру, қосу кестелерін және гидравликалық және температуралық көрсеткіштердің есептік кестелерін әзірлеу және жергілікті атқарушы органдарымен келістіру ұсынылады. Жылу желілерінің құбырлары тұтынушыларға берілген кестеге сәйкес бекітілген көрсеткішті жылу тасығышты (су және бу) беруді қамтамасыз етеді.

18. Барлық ғимараттарды (үйлерді) қосқаннан кейін пайдаланушы ұйымдар жабдықтардың күйін тексеруді және үйішлік жүйелердің бастапқы реттелуін өткізеді.

19. Пайдалану процесінде анықталған жылумен жабдықтау көздерінің, жылу желілері мен үйішлік жүйелердің жұмысындағы кемшіліктер жылу маусымының басталуына дейін жойылады.

20. Жылу беру маусымы жарияланғаннан бастап:

1) хабарландыру сыйбасы белгіленеді, облыстың тұрғын үй-коммуналдық және энергетикалық кешен нысандарының жауапты қызметкерлерінің кезекшілігі бекітіледі;

2) кәсіпорындарда апatty-қалпына келтіру бригадалары дайындалады;

3) ғимаратты (үйді) пайдаланушы ұйым қызметкерлерімен ғимараттың жылу тасығыш жүйесі жұмысын және жылылау күйін кезеңмен тексеру және бақылау ұйымдастырылады;

4) жылумен жабдықтау көздерінде қор және апатты жабдықтардың жұмысы, негізгі және қор отынының, құралдардың, материалдар мен қосалқы бөлшектерінің болуы тексеріледі.

21. Жылу көздерінде және жылу желілерінде апатты жағдай жарияланғаннан бастап :

1) барлық тұрғын үй-коммуналдық және энергетикалық кешен нысандарында тәулік бойы кезекшілік енгізіледі;

2) кәсіпорындар мен үйымдарда апатты жағдайларда пайдалану үшін тетіктермен және материалдармен қамтамасыз етілген қосымша апатты-жаңғырту бригадалардың күшейтілген дайындығы енгізіледі.

5. Жылу маусымының аяқталуы және жылу беру маусымы аралық кезеңде ыстық сумен жабдықтауды қамтамасыз ету

22. Уш тәулік бойы сыртқы ауаның орташа температурасы +8 және одан жоғары немесе сыртқы ауа температурасы құрт көтерілуі туралы болжам болған кезде Атырау қаласы және аудан әкімдері тиісті өкіммен жылу маусымының аяқталғандығы туралы жариялайды.

Жылу маусымы аяқталғаннан кейін ғимаратты (үйді) пайдаланушы үйымдар орталық жылу жүйесін ажыратады және ыстық сумен жабдықтау жүйелерінің жұмысын жазғы сыйба бойынша қамтамасыз етеді.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - Атырау облыстық мәслихатының 27.09.2024 № 124-VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

23. Жылу желілерін, жылу пункттерін және жылу тұтыну жүйелерін жөндеуді бір мезгілде 1 қыркүйекке дейін жүргізу ұсынылады. Істық сумен жабдықтаудың тоқтатылуымен байланысты жөндеудің ұсынылатын мерзімі – 14 күнтізбелік күн.

24. Осы Қағидамен реттелмеген жағдайларда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы нормаларын басшылыққа алу қажет.

6. Қағиданы бұзғаны үшін жауапкершілік

25. Қағиданы бұзғаны үшін жауапкершілік қолданыстағы Қазақстан Республикасы заңнамасына және энергиясын беру және (немесе) тарату жөніндегі қызметтерді көрсету шартына сәйкес белгіленеді.